



# ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №8 (20) қараша 2018 жыл

## «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНІҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар»  
қаралық ғылыми-практикалық конференция  
18-20 қазан, 2018 жыл

Международная научно-практическая конференция:  
«Трёхвековые города Великого Шелкового пути»  
18-20 октября, 2018 года

International scientific-theoretical conference:  
"Three millennial cities of the Great Silk Way"  
18-20 October, 2018 year



Жуырда «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің 40 жылдық мерекесі кең көлемде атап өтілді. Мерекелік шара аясында музей қорындағы құнды жәдігерлер негізінде шығарылған альбом-каталогтар «Түркістан жазирасының қыш ыдыстары» мен «Зергерлік бұйымдар топтамасы», «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің 40 жылдық даму тарихындағы мұрағаттар қамтылған «40 жылдық альбом», сондай-ақ әр кезеңде хатқа түскен, ел аузында айтылып жүрген аңыз-әпсаналардан жинақталған «100 аңыз» және «Жетпіс хикмет» кітабының латын әліпбіндегі нұсқасы кітаптарының тұсауы кесілді.

«Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық тейдесі жоқ сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің



ұлттық пантеон ретіндегі алар орны да айрықша. Қорық-музей Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат, Әулие Құмшық Ата қылуат, Сегіз қырлы кесене, Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның

зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі, Шығыс моншасы, Есім хан кесенесі, тағы да басқа археологиялық, тарихи-сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды. Қожа Ахмет

Ясауи кесенесі төңірегіне Жолбарыс хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, Бөгенбай батыр, тағы да басқа 200-ден аса тарихи тұлғалар жерленгендігі белгілі. Тарихи мен қасиеті терең бір-бірінен бөліп жаруға келмейтін Түркістан мен Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мұраларын ұрпақтарымызға мәңгілікке сақтап, насихаттауға арналған «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіндегі жәдігерлер саны қазіргі таңда 25000-ға жуықтады. Құнды дүниелерді жинақтап, сақтауда осында қызмет еткен әрбір музей қызметкерлері мен мәдениет жанашырларының, археолог, тарихшылардың үлесі зор. Өмірден өткен музей майталмандары мен жанашыр тұлғаларының аруағына әрқашан бас иіп, тағзым етеміз», – деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов жиынның ашылу сәтінде тебірене.

→2

## ПАЙҒАМБАРДАН ҚАЛҒАН МҰРА

«Әзірет Сұлтан» музей қорында соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с. а. у) өміріне қатысты көптеген кітаптар бар. Сондай кітаптардың бірі КК-3634 нөмерлі кітап, аты «Сияри нәби» деп аталады. Түркі тілінде жазылған. Бұл кітапта Мұхаммедтің балалық шағы, пайғамбарлық кезеңі, өмірінің соңына дейінгі оқиғалар толықтай қамтылған.

Адамзат баласы жаратылғалы бері жер бетіне 124 мың пайғамбар келген. Оның жиырма бесінің Құран Кәрімде есімдері аталған. Олардың міндеті адамдарға Алланың үкімін жеткізу және тура жолға салу еді.

Иманның төртінші шартының бірі Пайғамбарларға сену болып табылады. Исламда «расул» сөзі «жаратылысы, мінезі, білімі жағынан замандастарының ең ұлысы, қадірлісі» деген мағына береді. Пайғамбарлардың пайғамбар екендіктері білдірілгеннен кейін саңырау, соқыр сияқты кемшілік болмайды. Пайғамбарлық қасиетке жұмыс істеу, ашығу, қиыншылық шегу, көп құлшылық жасау арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Ол тек Алла тағаланың таңдауымен, қалауымен болады. Адамдардың дүние мен ақыреттегі істері жүйелі, пайдалы болуы үшін және зиянды істерден сақтанып, тура жолда жүріп, рахатқа кенелуі үшін пайғамбарлар арқылы діндер жіберілді. Адам баласы жаратылғалы бері 124 мың пайғамбар келген. Соның 24 жайлы Құранда айтылады. Солардың ең соңғысы – пайғамбар Мұхаммед с. а. у. Пайғамбарымыз 571 жылы рабиул-әууәл айының 12-сі дүйсенбі күні таңға таяу Мекке қаласында дүниеге келді. Бұл кісі әлемге «нұр» шашып келген және ол кісінің келуімен аспанға ерекше жұлдыз пайда болған, әрі арқасында ерекше белгісі болған. Пайғамбарымыздың келуімен Медайіндегі (Ирандағы жердің аты), Қисра сарайындағы тірек-бағандар құлаған. Ирандағы отқа табынушылардың мыңдаған жылдардан бері жанып тұрған алауы сөніп қалған. Меккедегі қағба маңындағы көптеген пұттар қираған. Яғни пұтқа табынушылық пен отқа табынушылардың әрекеттерінің дұрыс еместігі осы кісінің өмірге келуімен тоқтатылған.



→3

16-ХИКМЕТ

## БІР АЛЛАДАН ИМАН ТІЛЕП ЖҮРДІМ, МІНЕ

«Разак луаллаһу қасирин» деп аят келді,  
Зікір салып зар илеумен жүрдім міне,  
Хақ дидарын көрсетем деп уағда қылды,  
Ышқым кетіп, жанды қинап жүрдім, міне!

Шын ғашықты Алла сүйіп бәндәм деді,  
Орта жолда қалмамын деп қамын жеді,  
«Жалғаныштар дидарымнан махрум», – деді  
Ғашықтықты мәхкәм тұтып жүрдім, міне!

Ақылды алсаң көрстаннан хабар алғын,  
Сен де солай боларыңды ойға салғын,  
«Мәуита қабылтанамутаға» пейіл қылғын,  
Бұл хадисті ойға тоқып алдым, міне.

Хабар берер «Фәлизахуа қәлила», – деп,  
Және айтар: «әулибәжуа қасира» – деп,  
Бұ аяттың мағынасынан хабар ал деп,  
Бұ дүниеде бір күлмей-ақ жүрдім, міне.

Бейхабарлар қарқ-қарқ күліп, арам жүрер,  
Пәрменіне мойынсұнған жылап жүрер,  
Ертелі-кеш жанарында ылғал жүрер,  
Көз жасымды бұлақтатып жүрдім, міне.

Нәпсі безіп, шын ғашықтар деді: Алла жар!  
Сәһәр тұрып, құлдық ұрып, көзі талар,  
Рахым етіп Алла сонда назар салар,  
Содан кейін дария болып тастым, міне!

Залым нәпсім қоймай қуып отқа салды,  
Тұла бойым өз-өзінен күйіп-жанды,  
Мүшіріктердің имандарын шайтан алды,  
«Аузыбиллаһи, бисмилла» деп жүрдім, міне!

Күнәһарлар дозақ барып күйіп жансын!  
Имандылар жанбай оттан аман қалсын!  
Имансыздар мәңгі бақи отта қалсын!  
Бір Алладан иман тілеп жүрдім, міне.

Нәпсім мені жыныша арбады, жалаң қақтым,  
Бас сауғалап пірімді іздеп солай қапштым,  
Құл Қожа Ахмет, О дүниеде жақындастың,  
Ұиқан құстай Ләмәкәнге кеттім, міне!

100 АҢЫЗ КІТАБЫНАН

## ОН БІР АХМЕТ ТУЛАРЫНЫҢ ТЫЛСЫМ СЫРЫ

Патшалардың патшасы, Ұлы әмірші, халықтың сенімін иеленуші, рахымды Алланың ерекше қамқорлығына бөленген Әмір Қарашардың ұлы, Әмір Алжылының ұлы, Әмір Әйленгердің ұлы, Әмір Беркелдің ұлы, Әмір Тарағайдың ұлы Әмір Темір Гурганның пәрменімен он бір Ахметтің аты ойып жазылған тулар арнайы Әзірет Сұлтан кесенесі үшін жасалынған. Он бір Ахметтің аты аталған тулардың біріншісі Ахмет Мұрсалға, (яғни Мұхаммед (с. а. у) Алланың елшісіне тиесілі. Екінші ту шайық Ахмет Ханбалға бағышталған. Үшінші ту Ахмет Хейрун Насажаға, төртінші Шайық Ахмет Аркамға, бесінші Шайық Ахмет Хазравиге, алтыншысы Шайық Ахмет Равияға, жетіншісі Шайық Ахмет Мұхтарға, сегізіншісі Шайық Ахмет Жамиға, оныншысы Шайық



Ахмет Кабиряға, он біріншісі Шайық Ахмет Сағарига арналып жасатылған. Тоғызыншы ту кесенеді кабірхана бөлмесінің маңдайшасына қойылған. Ол ту – әулиелердің әулиесі – Құл

ҚожаАхмет Ясауиге сыйланған ту. Мына он тудың ішінде де ұлық ғұламаның аты ойылып жазылған. Тулардың қасиетін ғұламалар былайша өрбітеді. Кім де кімнің қажеті болса сәрсенбі күні тәбәрікті он бір рет оқып, мақсатына жетуге жәрдем беруші Ахметтің рухына бағыштаса Алла тағала тілегін берер. Жаңбыр жаумай, құрғақшылық болса, ел күйзеліске ұшыраса Ахмет Мұрсалға және Ахмет Ханбалға тиесілі етіп бағыштасын. Малын ұры алса, малы жоғалса немесе туысы алыс сапардан оралмаса Ахмет Хейрун-насажаға және Ахмет Мұхтарға бағыштасын. Кім де кімнің дүние қажеті немесе ақірет үшін тілегі болса Ахмет Аркамға, ілім іздеп ғалым болғысы келсе Шайық Ахмет Жамияға рухына, кім де кімнің баласы болмаса Ахмет Кабиряға рухына тәбәрікті бағыштасын. Егін егіп, үй салса,

сауда жасаса Ахмет Сағариге, ал кім де кімнің жоғы болса Қожа Ахмет Ясауиге бағыштап, тәбәрікті он бір рет оқып біткен соң мына тасбихты жетпіс рет оқысын. «Субханаллаһи уалһамдулиллаһи уа ла илаһа иллаллаһу уаллаһу ақбар». Кезінде осы туларды жасатып, тұғырға қондырған Әмір Темір: Ел ізсіз болмайды, байтақ жұрт байрақсыз болмайды. Уа, жамағат! Жайнаған туыңның жығылмауын, ел іргесінің сөгілмеуін алдымен Алланы танаудан баста, ділің мен дініне берік бол деп дін исламның он бір әулие-ғұламаларының алтынмен аптатып, күміспен күптегіп туларын жасаттым. Бұл тулар Ишналла халқымызға бақ-берекесі сыйлап, тура жолдан таймауын нәсіп етер, – деп тілегін қалың бұқараға жеткізген екен. Шындығында ту – елдің елдігін, бақ-берекесі, бірлігін айдындата асыратын қасиетті нәрсе.

ХАН КЕНЕ

→2

АҚМОЛА-АСТАНА:  
ТӘУЕЛСІЗ РУХ  
САБАҚТАСТЫҒЫ

→3

ТАЙҚАЗАНҒА  
АРНАЛҒАН ОЖАУ

→4



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



## БЕС КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің 40 жылдық мерейтойына орай музей қорындағы күнды жәдігерлер негізіндегі шығарылған альбом-каталогтар «Түркістан жазирасының қыш ыдыстары» мен «Зергерлік бұйымдар топтамасы», «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің 40 жылдық даму тарихындағы мұрағаттар қамтылған «40 жылдық альбом», сондай-ақ әр кезеңде хатқа түскен, ел аузында айтылып жүрген аңыз әпсаналардан жинақталған «100 аңыз» кітабы және «Жетпіс хикмет» кітабының латын әліпбиіндегі нұсқасы жарық көрді.

### «ТҮРКІСТАН ЖАЗИРАСЫНЫҢ ҚЫШ ЫДЫСТАРЫ»

Бұл ақпараттық ғылыми танымдық альбом – каталогта «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі қорына 40 жылдан астам уақыт бойы жинақталған, Түркістан аймағындағы көне қалалар мен қоныстар орындарында жүргізілген археологиялық зерттеу-қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыстардың ерекше үлгілері берілген. Альбом-каталог қыштан жасалған колөнер бұйымдарының бірқатар тақырыптарын тарқата ашуға, керамиканың хронологиялық даму кезеңдерін нақтылауға, жергілікті керамика өнерінің даму тарихының өзге аймақтармен байланысын анықтауға музей қызметкерлері мен болашақ археолог мамандарға көмекші құрал ретінде ұсынылады.



### «ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР ТОПТАМАСЫ»

Каталогта Қазақстан Республикасы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қорында сақталған өте сирек кездесетін зергерлік әшекей бұйымдар топтамасы берілген. Бұл топтамда зергерлік әшекей бұйымдардың жасалу технологиясын, әдіс-тәсілдерін сипаттай отырып, зергерлік әшекейлердің қолданылуы мен ерекшеліктеріне тоқталады. Каталог музей қызметкерлеріне және көпшілік оқырманға арналған.

### «100 АҢЫЗ»

Кітапта әртүрлі кезеңде хатқа түскен, сондай-ақ ел ішінде ауызша айтылып келген халқымыздың аңыз-әпсаналары жинақталған. Кітап өзінің деректілігімен, бұрын соңды жарияланбаған тың мәліметтерімен құнды. Жиінек ғалым-мамандарға, оқытушыларға, жоғары оқу орнының студенттері мен жалпы көпшілік қауымға арналады.



### «ЖЕТПІС ХИКМЕТ»

Әулиелердің сұлтаны Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың қонында қалған телегей-теңіз мұрасы – бүкіл адам баласына ортақ рухани қазына. Сол рухани қазынадан алынған «Жетпіс хикмет» «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне келушілер мен жалпы оқырмандарға латын әліпбиінде жол тартып отыр. Бұл – Елбасы саясатының сындарлы көрінісі.

### «40 ЖЫЛДЫҚ АЛЬБОМ»

Негізінде бұл жинақ кітапта «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің 40 жылдық даму тарихындағы мұрағаттық деректер мен фотосуреттер қамтылған. Музей қызметкерлеріне, мәдениет мекемелеріне және көпшілік оқырманға ұсынылған бұл еңбек өткенді ескеруге, ертенгі ұрпаққа осынау қасиетті мұраны жеткеруге атсалысқан барша азаматтарға арналған.

Дайындаған  
**Нұрайым ТӨРЕХАНОВА,**  
Түркістан қаласы Некрасов атындағы  
№9 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

# «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНІҢ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ



← 1

Бұл күн іс-шараға толық арналған күн болды. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 20 жылдығына және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің 40 жылдығы аясында «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтіп, «Әзірет Сұлтан», Түркия, Әзербайжан, Украина елдерімен қатар Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген отандық ғалымдар мен музей ісінің мамандары қатысты.

Конференцияда Түркістан жазирасында ортағасырлық қоныстар мен қалалар, ежелгі астаналар, Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық қалалардағы ғылым мен

мәдениеттің дамуы, шетелдік зерттеушілер мен саяхатшылар еңбектеріндегі ортағасырлық қалалар жайлы жазба деректер, Рухани жаңғыру: музей ісі және ескерткіштерді қорғау мәселелері мен тарихи-мәдени туризм және оны дамыту жолдары мен бағыттары жөнінде қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде пікір-кеңестер алмасып, талданды.

Конференция аясында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы мен Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың арнайы құттықтаулары оқылып, алғыс хаттары табысталды. Сонымен қатар музей саласын дамытуға ерен еңбек сіңірген азаматтар мен қызметкерлер «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің 40 жылдығы төсбелгісімен марапатталды.



«Барша түркі жұрты Түркістан қаласы алдында бас иеді. Түркістан – біздің де Отанымыз. Мен Қожа Ахмет Ясауидің 27-ші ұрпағымын. Атамыз 1928 жылы Түркия Республикасының Ыстанбул қаласына қоныс аударған. Бүгінде Ясауи ұрпағы аз ғана қалды. Бабамыздың мұраларын жинақтап, ұрпаққа насихаттау жолында ғұмыр бойы ізденіп келемін. «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің 40 жылдығына орай тұсауы кесілген латын әліпбиіндегі Қожа Ахмет Ясауидің «Жетпіс хикмет» кітабының жарыққа шығуымен құттықтаймын. Конференцияда көптеген тың деректер айтылды. Ұрпаққа мәңгілік тарихи із қалдырар мәлімдемелер көп, – деді ясауитанушы Исметулла Ясауи.

Келесі күні жиынға қатысушылар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне

зиярат етіп, қорық-музейдің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Сонымен қатар Ясауи бабамыздың қызы Гауһар ана, Ұқаша ата кесенесіне барып, құран бағыштап, құдығынан су ішкен конференция қонақтары, Сауран қалашығымен де танысты. Әзербайжан және Украина, еліміздің түкпір-түкпірінен келген делегаттарға белгілі археолог-ғалым Марат Тұяқбаев жүргізген экскурсия өте әсерлі болды. Шынтауайтында мұндай жиындардың рухани олықтарымыздың орнын толтырады деді.

Конференция Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Түркістан облысы әкімдігімен бірлесіп өтті.

...біздер, қазақтар, мұндай қысымға... шыдай алмай, лажсыздан басымыздың ауған жағына көшіп жүрдік. Бірақ та ол сөйтсек те тыныштық бермеді. Сол себепті мен, Кенесары Қасымов, қолға қару алып, ұлы күресті бастауға аттандым. Қазақ халқының орыстардың өзгісінен азат өмірін.

Кенесары

## ХАН КЕНЕ

Кенесары Қасымұлы есімі тарихта атасы Абылай ханның ісін жалғастырушы ретінде қалған. Бірақ қазақ халқының аса көрнекті ұлдарының бірі Кенесарының қайғылы тағдырының себебі, қазақ халқының тәуелсіздігі, бостандығы туралы болмашы тұспалдың өзін мойындағысы келмеген, өзін тәуелсіздіктің көрінісі санаған Кенесары хандық өкіметті мойындамаған патша өкіметінің далалық жерлерді жаппай отарлауы салдарынан Қазақ хандығын қалпына келтіру мүмкін болмағандығына еді.

Көтеріліске шыққан сұлтанның басты мақсаты айырылып қалған қазақ жерлерін қайтару, сонымен қатар әкесі мен атасынан мұраға қалған Қазақ хандығын іс жүзінде және заңды түрде қалпына келтіру болды. Кенесарының билікке құмарлығы туралы, оның өз халқына бостандық әперу жолындағы патриоттық борышы жайында көп әңгіме айтуға болады.

Мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-47 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. 1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Атақты Шыңғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымнан. Бабасы – қазақтың атақты ханы Абылай. Арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың қаламқ әйелі Хошу мерген ноянның қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары осы Қасым сұлтанның баласы. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Қасым сұлтан мен бәйбішесі Айкүмістің алты баласы болған. Ал Кенесарының інісі Наурызбай Қасым сұлтанның екінші әйелінен туған. Кенесары Қасымұлы өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленді. Жеке басының ерлік қасиеттері, біребіттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына Патша өкіметінің 1822 жылы Ресей өкіметі Кіші жүз бен Орта жүзді хандық билікті жойып, аға сұлтан мен сұлтан әкімдер билігін енгізді.

Сөйтіп Ресей өкіметі қазақ елінің ішкі тірлігіне тікелей араласып, өз үстемдіктерін жүргізе бастайды. Сол жылғы «Сібір қазақтары туралы» Жарғысының қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жоюы, қазақ елінің жалпыерсейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеген жымсысы саясаты негіз болды. Әуелі бұл саясатқа өз наразылығын қарт сұлтан Қасым төре білдірді. Ресей билеушілерінің қазақ елінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетауда өз әскери бекіністерін салуы, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда суы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл өзендерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-қазақ шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, жергілікті халыққа алым-салықтың өсуі ұлт-азаттық қозғалысын тұтатты. Ресей империясының бұл саясатына алғашқыда Гүбайдолла сұлтан қарсы шықса, кейін оны Саржан сұлтан басқарды. Алайда Ресейге қарсы күресте одақтас болған Қокан хандығының сатқындығынан 1836 жылы олардың тікелей нұсқауымен Саржан сұлтан өлтірілді. 1840 жылы Қасым төре қаза тапты. Осы кезде Қасым сұлтанның бабалар бауыр ұлдары, Саржан сұлтанның туған інілері Кенесары мен Наурызбай шығып, қалың қазақ елі Кенесарының соңынан ереді. Ол отаршылдарға қарсы соғысты бірден бастаған жоқ. Ол бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап, І Николай патшаға, Орынбор генерал-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір



генерал-губернаторы П.Д.Горчаковке хат жолдады, тиісті талаптар қойды. Ол өзінің Батыс Сібір генерал губернаторына жазған хатында: «Ақтау, Ортау, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсұрғын, Өлкейек, Тоғызқатан Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патшаның тұсында тартып алынып, қатпаған бекіністер тұрғызылды. Міне, енді күн сайын жерімізге баса-көктеп кіріп, бекіністер салып, халықтың зығардынын қайтатып отырсыздар».

Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, бүгінгі тірлігіміз үшін де қатерлі. Менің тілегім – екі жақтың да халқы мизамшұақ өмір сүруі», – деді. Кенесары Қасымұлы 1837 жылы желтоқсанда І Николай патшаның өзіне осындай мазмұнда хат жазған. Алайда заңды талап-тілегі орындалмай, өтініш аяққа басылып, елі мен жерінің біртұтастығына қаты қылып төнгендіктен, ту ұстап, тұлпар мініп қол бастады. Ақырды саясаты және шебер әскери қолбасшы ретінде ол соғысқа жан-жақты дайындалды. Көп ұзамай Кенесарының қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналып, олардың ішінде Орта жүздің арғын, қыпшақ руларымен бірге Кіші жүздің де шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, Ұлы жүздің үйсін, дулап тағы да басқа руларының сарбаздары болды. Кенесары хан ұлт-азаттық көтерілісінде Ағыбай, Иман, Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жәуке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай, Мұнағасар секілді батырларға арқа сүйеді. 1841 жылы қыркүйекте үш жүздің өкілдері жиынында Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Сол жылы Кенесары ханның әскери Қокан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1834 жылы Ресей өкіметі Кенесары ханға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. Соған қарамастан, Кенесары ханның әскері Ресей армиясы мен Ресей жағына күресуші қазақ сұлтандарына бірнеше рет ойсырата соққы берді. Әсіресе 1843 жылдың қыркүйегіндегі Орынбор жасағымен шайқас бір маңғасар созылды. 1844-45 жылдары Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі шырқау шегіне жетті. Ол бастаған елді үш жақтан қоршап, Қарақұмға шегінуге жол бермеу үшін бірдей жасаққа жүктелсе де Кенесары оларды жер қаттырып, құтылып кетті. Кенесары кейін Константинوف қамалына шабуыл жасады.

Жантөрин мен Дуниковский басқарған орыс әскерімен шайқасып, сұлтан жасағына тылдан тиісіп, жойып

жіберді. Осы ұрыста 44 сұлтан қаза тапты. Кенесарыны қарудың күшімен бағындыра алмайсың билген патша өкіметі өзімен келіссөз жүргізіп, қаныада қолға түскен сүйікті жары Күнімжан ханымды тұтқыннан босатты. Кенесары өз ордасын Жетісуға көшірді. Ұлы жүзден оған Байсейіт, Сұраншы, Саурық, Тойшыбек, Байзақ батырлары жасақтарымен келіп қосылды. Тарихта Кенесары хан парасатты әмірші, әскери өнерді жетік меңгерген қолбасшы, жаужүрек батыр ғана емес, дарынды дипломат болған тарихи тұлға. Сол кездері отарлаушы орыс мемлекеті қазақтарға қарсы Хиуа, Қоканды, қырғыздарды айдап салса, қырғыздар Орта жүзге Ұлы жүзді қарсы қоюға жанталасып, Хиуа Есет батырдың Жанғожаға, Жанғожаны Кенесарыға қарсы қоюға тырысты. Патша өкіметі болса, сатқын сұлтандарды Кенесары ханның соңына салып қойды. Осындай аласапыран заман туса да Кенесары хан жеке басының қанынан елінің біртұтастығы мүддесін жоғары қойды. Тапқырлығымен талай қиын мәселелердің түйінін шешті. Азаттық үшін шайқаста Кенесары хан қырғыз манаптарын өзіне бағынуға талап етті. Алайда, патша өкіметімен күлія байланыста тұрған қырғыздар оған мойынсұнбады. Кенесары хан оларға шабуыл жасады. Өз жақтастарының опасыздық салдарынан Кенесары мен Наурызбай дұшпандардың қолына түседі. 1847 ж. Кенесары хан Қырғызстанның Жетісал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік – Сентір аңғарында осылайша айуандықпен өлтіріледі.

Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жіберді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық берді.

Кенесары Қасымұлының қайғылы өмірі болашақ ұрпақ үшін шынайы ерлік пен табандылықтың үлгісі болып саналады.

Абылай ханның ұрпағы Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісінде қандай қолбасшы, тарихта қандай ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы Н.Н.Сервад өз зерттеулерінде жан-жақты ашып жазған. Ал ағылшындық Томас Аткінсон Кенесары Қасымұлы туралы былай деп жазды: «Кенесары қазақтардан ғажайып жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны тамаша игерген, шапшаңдығына көз ілепейтін жігіттері өзінен күші басы жаудан қаймақпай соғысып, жеңіп шыға беретінін естігенім бар. Егер білікті офицерлер болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскер құрар еді. Оларға тарихта даңқы асқан Шыңғыс хан жинагерлерінен керемет қасиеттерінің бәрі тән». Ресейдің әскери тарихшысы В.Потто кезінде Кенесарының қазақтардың Шамилі деп те атаған. Кенесары Қасымұлының өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары-Наурызбай дастаны» 1875 жылы Сұлтан Жантөриннің тәржімемесімен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. 20 ғасырдың 30-жылдары М.Әуезов «Хан кене» пьесасын, 60-жылдары І.Есенберлин «Қаһар» романын жазды. 1888 жылы Ташкентте «Кенесары мен Салық» деген атпен шыққан Кенесарының баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болды. Кенесары өкіметі тұсында Кенесарының күрес жолына іргелі ғылыми-зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов саяси күтген-сүргінге ұшырады. Кенесары тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке жеткеннен кейін ғана қолға алынды. 2002 жылы Кенесары ханның туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті.

Бүгінде айтармыз: екі бауырлас халықтың арасында сыздаған жараға айналған осы мәселені ұшықтыра өрбіту қажет пе? Қалай десек те қазақтың соңғы ханы Кенесары бүгінде халқымыздың намысын қайрайтын ұлтымыздың асқақ мақтанышы. Оның қайсар тұлғасы әлі қазақтың ғана емес, отаршылдыққа қарсы күрескен түркітілдестердің сандаған ұрпақтарын ерлікке шақырып, тәуелсіздіктің заңғар биігіне ұмтылдыра беретін болады.

**А.ЖАНЫСБАЕВА,**  
музей қызметкері



# ПАЙҒАМБАРДАН ҚАЛҒАН МҰРА

← 1

Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһ оның жас кезінде қайтыс болып кетеді. Анасының аты – Әмина, ал атасының аты – Абдулмутталиб еді. Алты жасында анасы, сегіз жасында атасы Абдулмутталиб қайтыс болады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) тің атасы қайтыс болған соң, көкесі Әбуәлүтүлліптің қолында болады. Әбуәлүтүлліп саудамен айналысатын. Құрайыш әдетімен әр жылы жазда Сирияға кеткен сауда керуеніне қосылатын. Пайғамбарымыз он екі жасында Әбуәлүтүлліп Сирияға сапарының бірінде оны да қасына ертіп алған еді. Әсілі ауыр жолға оны ертіуді ойламаған, бірақ саяхатқа шыққаны келген баланың көңілін қимай, ертіп алған еді. Отыз күндік жолшылықтан кейін, олар Шамның онтүстігіндегі Пұсыра деген бау-бақшалы ауылға келіп түседі. Мұндағы бір христиан пұтханасындағы Бахира атты пошпен кездесті. Бахира Хазіреті Мұхаммедті көрісімен, оның соңғы пайғамбар болатынын сезді. Пайғамбарлар мен құлалардың Хатемі Анбия (соңғы пайғамбар) жайлы қасиеттері мен белгілерді оның бойынан тапты. Әмірбаян кітаптарының жеткізуді бойынша, Хазіреті Мұхаммедті қасына алып:

– Сенен бір нәрселер сұраймын. Лат, Ұза (пұттар) хақы үшін тұрасың айт, – деді.  
Хазіреті Мұхаммед:

– Лат, Ұзаға ант іше! Менің дүниедегі ең жеккөрген нәрсем пұттар, – деді. Ол Алла атына ант етті. Бахира сұрауындарын сұрады. Алған жауаптары сезгендерімен дәл келді.

Құрайыштар Бахираның көңілінде Мұхаммедтің құны жоғары екенін сөйлесіп отырғанда Бахира Әбуәлүтүлліпке қарап: – Атың кім? Мына бақыт пен мерей өркені кім? – деп сұрады. Ол:

– Атым Әбуәлүтүлліп, мынау ұлым, – деді. Бахира: – Олай болмас, бітім, болмысына қарағанда бұл жетім секілді, – деді.

Әбуәлүтүлліп: – Дұрыс айтасыз, өз ұлым емес, інімнің ұлы. Әке-шешесі қайтыс болған соң, мен асырап алғанмын – деді. Мұны естіген Бахира мынаны насихат етті.

– Бұл бала соңғы пайғамбар болады. Шам яһудилерінде бұл баланың қасиетімен белгілерін танытындар шығуы, тіпті қастандық жасауды да мүмкін. Бұл баланы Шамға апармағаның жөн, – дейді. Әбуәлүтүлліп насихатын естіп, саудасын тамамдап, тура қайтып кеткен екен.

Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымызға пайғамбарлық

қырық жасында «Хира» үңгірінде Жәбірейіл (а.с) періште арқылы келген. Әуелі оған «оқы» деген бұйрық беріледі ол «оқи алмаймын» дейді, тағы да «оқы» дейді періште «мен оқи білмеймін» дейді содан кейін үшінші рет «оқы» дейді сонда пайғамбарымыз «не оқин» деп жауап берген. Сол кезде «алак» сүресінің алғашқы бес аяты келіп түскен. Сонымен Мұхаммед (с.а.у) қырық жасында бүкіл әлемнің пайғамбары болған. Ол кісіні Алла Тағала адамдарға тура жолды көрсету үшін жіберген. Оны көркем мінезді және адамдарға үлгі етіп жіберген.

Пайғамбарлық келгеннен кейін ереже айының 26-сынан 27-сіне ауған түнді «исра» және «миграж түні» дейміз. Осы түні Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммед (с.а.у) Меккедегі әл-Харам мешітінен Құддыстағы (Иерусалим) әл-Акса мешітіне бір сәтте иера жасаған (түнгі сапар арабтарда «исра» деп аталады. Одан мигражға жеті қак көкөтеріліп Аллаһ Тағаламен тілдесті, осында бес уәкіт намаз парыз болды. Миграж Аллаға жақындаудың ең жоғарғы дәрежесі. «Миграж» – дегеніміз биікке шығу, жоғарылау мағынасын береді. Бұл оқиға түнде болғандықтан оған Исра атын берген. Осы түні Жәбірейіл (а.с) періште Пайғамбарымызға (с.а.у) «Ей Мұхаммед, Аллаһ Тағала ешкімге нәсіп етпеген шарапатты саған нәсіп етті. Сені құзырына шақырып жатыр» – дейді. Құран Кәрімде осы атпен еске алынады. «Мұхаммедті бір түні Харам мешітінен алып, білдірген аяттарымызды көрсету үшін, айналасыз қасиетке ораған Мешіт Ақсаға апарған. Алла күнәсіз. Ол естиді, көреді» (Исра сүресі 1-аят) делінген. Бұл жерде пайғамбарымыз Алла Тағаладан періштенің дәнекеріңіз, уаһи алған. Мұнда әр көкке көтерілгенде алдыңғы откен пайғамбарлармен кездескен. Олар да пайғамбарымызды жақсы құрметпен қарсы алған. Ақыл жетпейтін соңғы тұрақ – адамзат әлемінің соңына келіп, онда Жәбірейіл оған жоннатты аралатқан. Миграж – пайғамбарымыздың ең үлкен мұғжизаларының бірі. Мұғжиза пайғамбарға ғана тән. Аллаға сенген адам мұғжизаға да сенеді. Мұхаммедке (с.а.у) мүшріктер егер де сен Пайғамбар болсаң бізге аспандағы айды екіге бөліп көрсет. Айдың жартысы Әбу Құбайың тауының, ал екіншісі Құайқан жотасының үстінен көрінісін деп талап қойды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у) олардан «осы тілектеріңді орындамас, иман келтіресіңдер ме?», деп сұрады. Олар: «Әрине, о не дегенің», – деді.

Ұлы Аллаһтың елшісі жарықшауысының бұйрығымен айға қарай қолын созып, сұқ саусағымен ортасынан бөлгендей ишара жасады. Осыдан кейін ай дәл ортасынан 2 бөлініп, мүшріктердің сұрағанындай бірі Әбу Құбайыстан, екіншісі

Құайқанның төбесінен көрінді. Олар сонда да сенбеді. Сосын Құран Кәрімнің «Қамар» (қамар – арабша аспандағы ай) сүресі түсті. Ол 55 аяттан тұрады. Оның төменде 6 аяты келтіріліп отыр. Құранда Алла Тағала былай деген: Қиямет жақындады, ай жарылды. (1) Олар бір мұғжиза көрсете берді: да: «Жалғасты түрдегі бір сиқыр» дейді. (2) Олар жасынға шығарып, әуестеріне ерді. Негізінде әр істің бір бұтағы бар. (3) Расында оларға секем алғарлық хабар келіп болды. (4) Жеткілікті хикмет бар. Сонда да ескертушілер пайда бермес. (5) Мұхаммед (с.а.у) ендеше олардан бет бұр. Бір күні шақырушы жаман іске шақырады (6).

Пайғамбарымыз нұрдан жаралған періште дәрежесімен Алланың жанына шығады, онда Алланың нуры мол дариыясына сүнгиді. Құтты харамға, жәннатқа аяқ басады. Пайғамбарлықтың мекені осы. Бұл мекен дәреже сайын өзгерді. Пайғамбарлардың ең жоғарғы орны Хазіреті Мұхаммедке бұйырып. Бұл миғраж әр жағынан да өзгеше көрінді. Ол – ұлылық пен қасиетке толы бір оқиға еді» делінді.

Ол – пайғамбарлардың ең ұлысы. Ол – барлық адам баласы мен жандардың пайғамбары. Қалған пайғамбарлар белгілі бір елге, қауымға жіберілді. Ал, Мұхаммед (с.а.у) бүкіл әлемнің, жанды-жансыз бүкіл жаратылған нәрселердің пайғамбары. Ол алпыс үш жасында өмірден озды, осы жылдар арасында ол бізге Ислам діні мен өзінің хадисін жеткізіп кетті. Бұлдан кейін ешқандай пайғамбар келмейді. Ол кісінің қиямет күні мұсылмандарға шапағат ететіндігі, ал көпірлерге назар салып қарамайтындығы, Мұхаммед (с.а.у) кешірімді, рахымды нәби болғандығы көрсетілген.

Алла Тағала сүйікті пайғамбарлардың шыңның екендіктерін көрсету үшін оларды мұғжизалармен қолдады. Мұхаммед пайғамбарымыздың ең басты мұғжизасы ол қасиетті Құран Кәрім, ол 23 жылда түсіп біткен, 114 сүреден тұрады. Мұнан кейін өзінің айтып кеткен хадистері. Бұл екеуі бізге мұра болып қалды.

Басқа кейбір мұғжизалары: миғражға шығуы, саусағымен белгі бергенде айдың екіге бөлінуі, уысындағы тастардың Алланы тәсібіт етуі, оған ағаштардың сөлем беруі, жеген тағамына береке даруы, саусақтарынан су ағуы, ақыретте ұлы мәртебе берілуі, көркем мінезі, сансыз ізгіліктері және т.б.

Оның діни барлық діндердің үкімін жойды. Заманымызда ең тура, ең хақ дін – Ислам діні.

**Ж.МАЙЛЫБАЕВА,**  
қор сақтаушы

# ТЫЛСЫМ КҮШ ЖАСАУЫНҒАН «ҚОЙ ЖАУЫРЫНЫ»

Адамзат баласы сүйектен жасалған бұйымдарды өрте кезеңдерден кездеге асырып пайдаланған. Мал сүйектерін еңбек құралдары мен қару-жарақ бөлшектерін және үй бұйымдарын ешекейлеуге қолданып, оның қолөнердегі орнын кене дәуірден-ақ айқындай білген. Сонымен бірге, халқымыз сүйектен жасалған дүниеліктерді көненің көзі, төбегірі, ретінде мойындап, қадір тұтқан. Тарихқа жүгінсек сүйектің нанымдық қасиеті мен сүйек ұқсату өнерінің тамыры өте тереңде жатыр.



Қазақстан аумағындағы қала дәуірі қоныстарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары, сол дәуір тайпаларының қолөнер кәсіпшілігінде сүйек бұйымдардың болғандығы және тұрмыста сүйектен жасалған заттар да қолданылғаны анықтайды. Ерте темір дәуірінде де сүйек бұйымдарын көптеп қолданған.

Сол себептен сүйектің этнографиялық болмысы, атап айтқанда сүйектің қолөнердегі, әдет ғұрып, салт дәстүр мен наным сенімдер жүйесіндегі орны және ұлттық ойындар жүйесіндегі қызметтері мен өзіндік мәдени бітімдері жапы сүйек туралы түсініктің өзі, ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе екендігін айшықтай түседі. Сүйектің этнографиялық мәнінен біз халқымыздың бай ой дүниетанымын, білгірлігі мен ілімін, ой-санасын, сондай-ақ мұның астарында халық шеберлігінің жатқандығын аңғарамыз.

Соның айқын дәлелі кейбір сүйек бұйымдары осы уақытқа дейін өзінің архаикалық ерекше нанымдық мәнін жоғалтпай келеді. Ата-бабадан келіп жеткен наным-сенімдер жүйесінде мал мен жануарлардың жекеленген сүйек бөлшектері қорғау, желеп-жебеу күштеріне не саналады. Нанымдық ғұрыпта жан-жануарлардың бас сүйегі, мүйізі, тырнағы, тұяғы, сирағы, жауырыны, қары жілігі, мойын омыртқасы кең қолданылды. Олардың кейбірі бойғұмар ретінде де тағалды. Сондай-ақ өзге түрік тектес халықтар секілді қазақтар да мал сүйектерінің кейбіреулерін киіп санап, оларды бал ашу үшін де қолданған. Мәселен жауырын сүйегіне қаралған болжам жасауды бірге, асықты да тек ойын үшін емес болжам жасау үшін пайдаланған деген деректер де бар.

Жауырына қатысты наным сенімдерді тізбелей Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары туралы жазған М.Ибраевтың ғылыми зерттеуіне сүйенсек төрт түлік мал өсіріп, көшіп қонып жүрген халқымыз малдың он екі мүшесінің ішінде есіресе жауырынды ерекше қадір тұтқан. Тілімізде күш иесіне «жауырыны жерге тимеген» деген балама атау бар. Қастанқан дұшпан өз бақталасының күш қайратын қайтару үшін жауырын тұсындағы жұқа шеміршектің басын кесіп алу секілді оғаш әдеттер де көп замандар бойы сақталып келген деседі.

Ертеде жауырына қарап бал ашқан. Көптеген түркі, моңғол жұрттарында жауға қарсы әрекет жасау қаруы болып саналған жауырынды от жалынына қақтағанда пайда болған сызат, жолақтарына қарап бал ашу («жауырын жағу»), «жауырын қару» болжам жасау сияқты қызметтерді атқару арнайы білімді қажет етеді. «Әзірет Сұлтан» мұражай қорындағы археологиялық Ескі Түркістан қазбасынан табылған XVIII-XIX ғғ тән қой жауырыны сол жауырыншылық өнерді еске түсірері анық. Жауырын малдың көл жәлігіндегі текетін жілігінің жоғарғы жағына орналасады. Жалпақ үш бұрыш пішінді болып келетін сүйектің өлшемі бойынша биіктігі 13 см, ені 10 см тен. Бет жағына араб әріптерімен қара сиямен жазу жазылған. Жазудың бас жағы өсе бастаған. Жауырынның етек жағының орта тұсына жақын жері сынып, қайта желімделген, әбден ұзақ сақталғандықтан сарғайған. 2000ж. Ескі Түркістан қаласы қорғанының қоныс қалдықтарын тастайтын шұңқыр «бадырабан» табылған. Бет жағына араб әріптерімен қара сиямен жазу жазылған.

Кейбір деректерден құрандағы қасиетті сүресілердің бірі «фатиха» сүресінің түбіе жілігіне жазылғандығын білеміз. Алайда біздің қордағы қой жауырыныдағы жазуды Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ түрік университетінің теолог маманы Күлтул Солмес бен Ираннан келген орашман Шафаруддин қариядан оқып беріп сұранғанымызда, жазу парсыша жазылғандығын және жазудың көп жері өшіп қалғандықтан оқылуы қиындық тулдырғанын айтып, жауырындағы жазу құран сөздері емес жазу «сиқырға,отқа байланысты» сияқты деп яғни «саадат рижал» деп жазылып мағынасы «отқа күймейді» дегенді білдіретін болуы керек деген болып. Ал теолог, парсы тілінің маманы Молла Қанағатұлы да жазудың көп бөлігі өшіп қалғандықтан анық оқылмағанын айтады. Өйтсе де жауырындағы жазу «махабатты арттарынан немесе айыратын дүгалар болса керек деген пікір айтады. Із бізді қатты қызықтырған жауырында жазылған жазудың мағынасын ашудан да бұрын халқымыздың наным-түсінігінде кешегі кеңес дәуіріне дейінгі кезде жауырынмен бал ашу, «жауырыны» деген сөз жиі айтылып, қазірде ұмытыла бастаған тұста жөділердің қолға іліккені болды. Кей бір көне көз қариялар болмаса қазіргі қоғамның көпшілігі, бірі жарым фильмдер мен тарихи кітаптардан оқып көріп танысқандарымен толық білмейтіміз анық. Жалпы, жауырыншылық туралы «тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар Хинаяттың «Жауырынның сакралды қызметінің тарихи-этномәдени семантикасы» атты зерттеуінде толық қамтылғандығын айта кеткеніміз жөн. Қазақтар «жауырыншы» деп жауырын сүйегіне қарап болашақты болжай алатын адамды атаған. Жауырыншы – жануарлардың таза жауырынын (қой, бұғы, аңдар) жалпақ бетіне тұсын сызықтар мен кескің бейнелерге қарап, болжам айтағын ерекше қасиет иесі болып табылған. Сондай-ақ, жауырыншылық-тұқым қуалайтын және сирек кездесетін құпия қасиет иесі болумен қатар, тілі жоқ мылауға тілі бітіріп, сөйлеткенмен бірдей құпиялы өнер саласы болып табылған. Халқымыздағы бұл құпия өнерді әр өңір жорамалшылары өздерінің ұғымына, танымына қарай пайдаланып келген. Бұл жөніндегі деректер бағырлар жыры мен ертегілерде жиі кездеседі. Оған адамның тісі тимеген сондай ақ, кез келген қой жауырыны емес құрбандыққа шалынған қойдың жауырын етін сылып тастап келтіріп пайдаланған. Оны оқта салып қарап отырып, соғыс, жорық нәтижесін болжайды. Содан кейін аталымы мақсатта жауға қарсы айла жасау қазақтардың дәстүрлі идеологиялық наным-түсінігінде маңызды орын алған. Жыл артығы Өз Наурыз жеткенде көктемнің күні қалай құбылтындығы, егіншілікке қолайлы-қолайсыздығы, малды күйекке қашап түсіруге болатындығына дейін жауырыншылар болжаған.

Халқымыз жауырыншылық өнерді пір тұтқан, жаңа туған баланы әу баста жауырынмен ауыздандырып, жастығының астына тығып қойса, ол өсе келе жауырыны болады деп сенген. Ондай жауырынды жылы сайын майлап отырған және сандықта теберіктік сақтаған. Сондай ақ көне көз қариялардың айтулары бойынша, құрбан айта құрбандыққа атылып сойылған малдың жауырынын жаңа туылған балаға берсе, өскен соң ол бала жауырынын, немесе бөледілі азамат болып өседі деп ырымдаған екен. Жауырынмен бал ашуның өзіндік қиры-сызы жеткілікті. Кей жерде жауырынды үш бөлікке бөліп болжаған. Жауырынның ортасын бөлетін қыр арқа бөлігін баланың жолы, қырдың астынғы жалпақтау жағын кісінің тағдыры, ал жауырынның түбін (негізгі шүйде) үй тағдырын болжайды деп жауырыншы болжамда өзіне тұжырым жасаған. Кәсіби дәлел бойынша жауырынның өзінің дүниеге келген ұрпағына ең алғаш жауырынды сорғызып барып сосын анасын емізуге рұқсат еткен. Бала бір мүшелге толғанша жауырынды құпия түрде ешкімге көрсетпей сақтаған. Мүшел жасқа толғанда ғана оған ерекше қасиет дарып, бала жауырына бірден қарап болжам сойлейді деп сенген. Ертеде хандар, батырлар, сұлтандар мен билер жауырыншыны өздерінің ақылышысы, кеңесшісі және болжампазы ретінде жанында ұстаған. Жауырыншы адам тағдырын, өз бірлігін, жаулан қорғанын, жетік пен жетістіктің шекарасын, ырыс пен берекенін, бақыт пен бақытсыздықтың, ұрлық пен зұлымдықтың белгілерін және ауа райының жылдағы төрт мезгілді өзгерісінен де тиісінше мәлімет беріп отырған. Қазіргі уақытта жауырыншылар сирек кезде өте сөді, оның сырын білу қиын деп есептеледі. Халық емілшілігінің тарихи жетістіктерін көптеп зерттеп жүрген, медицина ғылымдарының кандидаты, ғалым Бекен Тұрсын: «Халық емінің өрлеу кезеңдері жазба деректердің жоқтығынан әлі зерттеліп біткен жоқ. Қазақтың халық емінің де тамыры көне дәуірден ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халық мұрасы. Жатқан халық мұрасы. Халық емі жоқ ұлттың бүгінге дейінгі өмірі де, болашағы да болмас еді. Қазіргі медициналық негізі мен ірге тасын қалағанда сол халық емі,яғни халықтық медицина екенін кім жоққа шығара алар» – дейді. Мұндай ғылыми тұжырымдама да өмір шындығынан алығандығын аңғартады. Бәлкім мына жауырын иесі де адамның психологиялық тоққуларынан ойдан-ой туғызатын, ойлау жүйесіне өзіндік өзгеріс беретін тылсым күшті таза жауырыншылықты менгерген өнерімен талайды таң қалдырған болар.

# АҚМОЛА-АСТАНА: ТӘУЕЛСІЗ РУХ САБАҚТАСТЫҒЫ

Тәуелсіздіктің баянды болмағы адам санасында тәуелсіз рухтың қалыптасуымен сипатталады. Сана тәуелсіз болмай экономика да, саясат та, мемлекет те тәуелсіз болмақ емес. Ал тәуелсіз сана ондаған жылдар, ғасырлар бойы қалыптасуы мүмкін. Еліміз азаттық жолында тәуелсіз санаң қалыптасуында бірнеше кезеңдерден өткені белгілі. Соның ең күрделісі Кеңес өкіметі тұсындағы кезең. Сол жылдары елімізде еркіндік ұмтылған, бостандықты көкөсеген Алаш партиясынан бастап 1986 жылғы желтоқсаншыларға дейінгі аралықта қаншама қарсылықтар мен наразылықтар болғаны белгілі.

Соның бірі 1979 жылғы Целиноград қаласындағы Неміс автономиясының құрылуына қарсы наразылық болатын. Тарихқа кішіне шегініс жасар болсақ, XVIII ғасырдың II жартысында II Екатеринаның шақыруымен келген немістер Волга жағалауына қоныстанып, сол жерде өздерінің ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыпын сай өмір сүріп отырған болатын. Олардың ұлттық-территориялық аумағын Казан Револуциясынан кейінгі Кеңес Одағы да мойындап 1918 жылы еңбек коммунасы, ал, 1924 жылы Волга жағалауы немістерінің автономиялық Республикасы да құрылған еді. Бірақ, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен оларға фашистік Германиямен бірлескен іс-қимыл жасауға келіскен деген айып тағылып, оларды Сібір мен Қазақстанға депортациялап, автономиялық Республиканы таратып жіберді. Соғыс жылдары оларды «арнайы қоныстанушылар» (іс-жүзінде сотталғандардан сәл ғана артықшылығы бар) деген айдар тағып, арнайы комендатураның қатаң бақылауында ұстады. Оларды тек қана 1955 жылы желтоқсан айында ғана қатаң бақылаудан босатып, 1964 жылы фашистік Германиямен келісімге келген деген күдіктен ақтап, 1972 жылы Волга жағалауындағы Отаншана оралуға рұқсат етілді. Алайда, Автономиялық Республика қайта құрылмады.

Осы жерден Ерейментаудағы Неміс автономиясы туралы мәселе туындады. Оның себебі неде және оның салдары қандай болды? Қазақстанда 20 облыс – Неміс автономиялық облысын құруға итермеленген қандай жағдай, ол Кеңес Одағына не үшін керек болды?

1993 жылы Ресей немістерінің тарихы туралы, Целиноград оқиғасына себепкер болған СОКП Орталық комитетінің Қазақ ССР-інде неміс автономиялық облысын құру туралы жоспарларының құжаттарын қамтыған жинақ шықты.

Кеңес еліндегі немістер өз өкілдерін Мәскеуге 1965 жылы қантар және маусым – шілде айларында 2 мәрте жіберіп, Волга жағалауындағы бұрынғы Неміс автономиясын құруды талап еткен еді. Бұл халық өкілдерін КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы А.И.Микоян қабылдап, бұл мәселеде халық өкілдері толық қолдайтынын білдіргеннен, сонында автономия құру дәл қазіргі кезде мүмкін еместігін, оның бірнеше себебі бар екенін мәлімдеді.

Дегенмен, неміс халқының мәдениеті мен дәстүрінің дамуына аса көңіл бөлініп, халық өкілдерінің белсенділігіне Мәскеуден неміс басқа да ірі қалалардан жақсы қызметтер ұсынып, кейбіреулеріне қызмет бабы бойынша қысым көрсетіп қозғалыстың екпінін басты. Алайда, көптеген қарапайым

неміс ұлтының өкілдері автономиядан күдерлірін үзіп, орыс халқы құрамында ассимиляцияға ұшыраудан қауіптенді XX ғасырдың 70 жылдарында өздерінің тарихи Отаны Батыс Германияға кетуге ықыласты болды. Олар елден кетуге көптеп өтініш бере бастады.

Германия тарапы да бұл мәселеге бейжай қарамады. Бірнеше мәрте Кеңестік немістердің мәселесін дипломатиялық дәрежеде көтеріп, ақыры олардың өтінішін қанағаттандыруға қол жеткізді.Соның негізінде КСРО – дан Батыс Германияға қонысаударушылар саны жыл сайын артып отырды. Мысалы:

1970 жылы – 342 адам;  
1971 жылы – 1 145 адам;  
1972 жылы – 3 420 адам;  
1973 жылы – 4 493 адам;  
1974 жылы – 6 541 адам;  
1975 жылы – 5 985 адам;  
1976 жылы – 9 704 адам қоныс аударған.

Мұндай қоныс аударушылардың ағыны билікті ойландырмай қоймады. Аған бұл тығырықтан шығудың бірден бір жолы Неміс автономиясын құру деп білді. Бірақ Волга жағалауындағы бұрынғы неміс автономиясын қалпына келтіру Қазақстандағы басталған тың игеру жұмыстарына



Қазақ КСР-ы басшыларымен кеңеспестен 1979 жылғы 31 мамырдағы Саяси Бюроның неміс автономиясын құру туралы қаулысын Д.Қонаев дайын қойынды алды. Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Морозовқа аталмыш құжат Алматы арқылы емес, Мәскеуден тіке жетті. Осыдан ақ республика жетекшілерінің бұл мәселеге қандай көзқараста болғанын көру қиын емес.

Орталық комитеттің Ақмола облысының Ерейментау қаласын таңдауының өзіндік бірнеше себебі болды. Біріншіден, бұл өңірде тың игеруге келген өзге ұлт өкілдері, славян тектес халықтар басым еді, олар ұлттық территорияға неқұрайды қарайтын еді. Екіншіден, Волга жағалауынан депортацияланған немістердің барлығы дерлік Орталық Қазақстанға қоныстанған болатын. Үшіншіден, қазақтар мұнда сан жағынан азшылықта болатын.

1979 жылдың 18 маусымына Қазақстан ОК-нің I хатшысы Д.А.Қонаевтың және жана Неміс автономиялық облысының болашақ басшысы, Целиноград облысы Краснознаменский ауданының бірінші хатшысы А.Г.Браунның қатысуымен Ерейментауда салтанатты жиналыс белгіленген еді.

Алайда, биліктің бұл ойын КСРО тарихында тұңғыш рет Целиноград халқының наразылық қозғалысы жүзеге асырды. 16-19 маусым аралығындағы болған халық наразылығы биліктің өз мақсаттарына бас тартуына мәжбүрледі. 16 маусымда Целиноград қаласының Ленин атындағы орталық алаңына жиналған халық дауыс күшейткіш арқылы ұрандар тастап, биліктің халық алдына шығып жауап тасуын талап етті. Төрт-бес қатарды құраған ел қолдарына транспоранаттар ұстаған. Оларда: «Неміс автономиясына жоқ жоқ!», «Қазақстан бөлінбейді!», «Қазақстандағы совет халқы ішкі шекарасыз өмір сүреді!», «Одақтас республиканың территориясы оның келісімінсіз өзгертілмейді!», «Халықтар достастығы жасаасын!» – деген ұрандар болған.

19 маусымнан соң Целиноград қаласына Мәскеуден Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөлімінің сектор меңгерушісі Ф.Мищенко мен КГБ генерал-полковнигі Ф.Бобков келеді. Олардың міндеті – автономияға қалайша қарсылық жасалды, оны кімдер ұйымдастырды, бұған неге жол берілді деген сауалдарға жауап табу болатын.

болатын. Егер қарсылық халықтық сипатқа ие болмай, жекелеген ұлтшылардан көтерген жастардың наразылығы екені анықталса, автономия мәселесін қайта қозғанды жана жолдарын қарастыру да ойда бар еді.

Партия шабармандары әдеттегідей осы оқиғадан ұлт зиялыларының шовинистік пиғылын іздеп табуға ұмтылды. Ақмола топтарының тумалары, одаққа есімдері белгілі қайраткерлер Ж.Ташенов пен С.Ниязбековтің есімдері аталды. Олар маусым дүрбелесі қарсаңында Целиноградқа жасырын келіп, студенттермен жұмыс жүргізіпті деген сөздің анық-қанығы зерттелді. Орайың келгенде айта кетейік, С.Ниязбеков қалада сол кезде болмаса да, жастардың автономияға қарсы бір емес, екі рет әреуілге шығуына Алматыда отырып басшылық жасапты, арнайы жіберген адамдары бәрін аса сақтықпен ұйымдастырыпты деген әңгімеміз біз де естігенбіз. Осы сөзді жетініші жылдары республиканың басшы қызметтерінде болған кісілер қазіргі күнге дейін айтады. Соған қарағанда бұл әшейін қауесет емес, ақиқат болуы әбден мүмкін.

Олай деуге себеп те жоқ емес. 16 маусым күні орталық алаңдағы митингден кейін Целиноград темір жол вокзалына дейін келіп, вокзал алдындағы алаңда тағы да митинг өт

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«TIL-QAZYNA» - ОҚЫРМАНДАРЫНА ЖОЛ ТАРТТЫ

АСТАНАДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРАЛІГІ МЕН ШАЙСҰЛТАН ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «TIL-QAZYNA» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА «TIL-QAZYNA» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІН КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРДЫ. РЕСМИ ШАРАНЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ АРЫСТАНБЕК МҰХАМЕДИҰЛЫ АШТЫ.



Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2025 жылға дейін қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде берген тапсырмасы баршамаңызға белгілі. Елбасы: «2025 жылға қарай іс-қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиісіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек», – деп мәлімдеген болатын. «Til-Qazyна» республикалық ақпараттық танымдық газеті қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша қазақ тілінде латын графикасында жарық көретін алғашқы басылым болмақ. Жаңа басылымда қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты ақпараттар, танымдық материалдар жарық көретін болады. Газет айына 2 рет жарық көреді.

Түсаукесерге қатысушыларға жаңа газеттің тұжырымдамасы және бүгінгі қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудегі маңызды айтылды.

Газет танымталымы барысында жетекші ғалымдар өткен ғасырда латын әліпбиінде жарық көрген қазақ басылымдарының тарихына шолу жасап, латын графикасындағы қазақ тілі әліпбиіне көшу кезеңдерінде жүргізіліп жатқан жұмыстар барысы туралы айты.

Шарада Парламенті Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері газеттің болашақ жұмысына қатысты пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын берді.

ЯСАУИ КЕСЕНЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

ЮНЕСКО-НЫҢ АЛМАТЫДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН, Қырғызстан, Тәжікстан және өзбекстан бойынша кластерлік бюросы ЮНЕСКО мен нидерландының мақсатты қорының іс-шарасы «ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТАРИХИ ҚАЛАЛЫҚ ЛАНДШАФТТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘСІЛДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН.



Семинарға Қазақстан Мәдениет және спорт министрлігі, «Қазқайтажанғырту» РМҚ, Түркістан облысы әкімдігінің өкілдері, ұлттық мұражайлардың директорлары мен қызметкерлері, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген нысандарға жауапты тұлғалар және ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мұра орталығының халықаралық сарапшылары қатысты.

Семинардың негізгі мақсаты – қаланы дамыту процесінде шешім қабылдайтын жергілікті, ұлттық, аймақтық, мемлекеттік және субъектілерді қамтитын мүдделі тараптарды «Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген тарихи қалаларды дамыту саласындағы негізгі механизм болып есептелетін тарихи қалалық ландшафттарға бағытталған тәсілді енгізу бойынша ЮНЕСКО-ның ұсыныстарымен» таныстыру. Аталған форум дүниежүзілік мұра нысандарын қорғау жөніндегі күш-жігерді барынша тығыз үйлестірді қамтамасыз етуге шақыра отырып, тиісті органдардың реттеу, бақылау және жоспарлау жөніндегі құрылымын анықтау бойынша көмек көрсетуге бағытталған.

2018 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының шақыруымен ЮНЕСКО/ИКОМОС консультативтік миссиясы өткізіліп, онда «Жібек жолы» бойындағы Түркістан қаласының келешекте туризм орталығына айналуына жол аша отырып, бүкіләлемдік деңгейдегі мәдени мұраларды бүлдірместен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселелері қаралған болатын. Қазақстан мен ИКОМОС арасындағы бірлескен жұмысты жалғастыру мақсатында қолға алынған екі күнді семинарда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймағын дамыту, буферлік аймақты жоспарлау, басқару және консервациялау жұмыстары бойынша да біртұтас ұсыныстар қарастырылды.

«Бүгінгі семинар біз үшін өте өзекті. Басты мақсат Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихи орталығын әрі қарай дамыту аясындағы мәселелерді талқылап отырмыз. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихи дамуы жөнінде Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылғы қаңтар айында ЮНЕСКО-ның қарауына бірнеше ұсыныстарын енгізген болатын. Бұл іс-шара сол ұсыныстардың жалғасы болып табылады. Семинар аясында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі аумағын, қорғау аймағын дамытуды Бүкіләлемдік Мұраны қорғау конвенциясы аясында халықаралық шарттарды негізге ала отырып, шешуді көздеп отырмыз. Кесене ЮНЕСКО қарауында болғандықтан қандай ұсыныстар болмасын ұлттық сарапшылардың елестіруінен соң бір шешімге ие болады», – деді Мәдениет және спорт министрлігінің тарихи, мәдени мұра басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанат Сейдалиева.

ХАБАРЛАМА!

ТҮСКЕН ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» Республикалық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 шілдедегі № 585 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.

2015 жылға дейін мемлекеттік мекеме формасында болған қорық-музей бюджеттен 100% қаржыландырылған болатын. Ал енді 2015 жылдан кейін кәсіпорны ретінде музейге республикалық бюджеттен 80% қаржы ғана бөлінетін болады, яғни қалған 20% қаржыны қорық-музей өз ақылы қызметі арқылы табу керек.

Бұл шара Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 9 маусымдағы №174 бұйрығы негізінде жүзеге асырылуда. Ел ішінде қорық-музейге жүз миллиондан қаржы түседі деген әртүрлі алып-қашпа сөздер жүргенде рас. Осы негізсіз ақпаратқа жауап беру үшін музей әкімшілігі қорық-музейге түсетін қаржының нақты көрсеткішін жариялап тұруды жөн көрді.


Қазан айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қайырымдылық пен демеушілік есепішіне 6 506 224 теңге қаражат түскен. Осы соманың Банкі қызметіне 18 832,45 теңгесі.

Баспадан кітаптар шығару үшін («Зерерлік бұйымдар топтамасы» кітабы, «Түркістан жазырасының нақты көрсеткішін жазып алу туралы жөн көрді» кітабы, анықтамалық материалдар (календарь, буклет) 10 450 002 теңгесі.

Халықаралық конференция ұйымдастырып өткізуге 3 000 000 теңгесі, Шаруашылық жұмыстарына (асфальт төсеу, автокөлік жолдары) 2 022 500 теңгесі, Виртуалды 3D-тур (интернет арқылы насихат материалдары) 960 000 теңгесі жұмсалды. Әрине ескерте кетер бір жәйт, басқа да қорық-музейдің жоспарындағы мәдени іс-шараларды ұйымдастыру шығындарына 9 945 110 теңге қаржы жетпей қалғанын да айта кеткеніміз жөн. Бұл қаржы, алдағы айда түсетін түсімдерді есебінен қараламақ.

Музейге түсетін қаржы жайлы ақпарат алағы уақытта да музейдің сайтында үнемі жарияланып тұратын болады.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі



ТҮРКІСТАНДА «ОРАНҒАЙ» МЫС АҚШАЛАР КӨМБЕСІ ТАБЫЛҒАН

«Оранғай» мыс ақшалар көмбесі – 2012 жылдың ба-сында табылып, аталған жылдың 6 наурызында «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне тапсырылды.

Жәдігерді Оранғай елді мекенінің тұрғыны Бекжан Халметов есімді кісі өзіне тиесілі жер телімінде құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, трактормен сырылған жерде шашылған бірнеше металл пластиналарды тауып, бетіндегі белдерлердің араб жазбаларына ұқсайтындығын көрген соң мұражайға жеткізген болатын. Музейге ұсынылған тиын-дар ол жерде жасырынған көмбенің бір бөлігі ғана болуы мүмкін. Тапсырушының айтуынша, көмбенің трактормен сүрілген жерден тек көзге көрініп жатқаны ғана жиналған.

Жәдігерлер 54 дана мыс ақшадан тұрады. Тыныңдардың көпшілігінің сақталу жағдайы ақшалардың атрибуция-сын жасауға мүмкіндік береді. Көмбе құрамы толықтай зерттеліп, тыныңдарының 21 данасы Самарқан ақша сарайының өнімдері екендігі анықталып, оның 15 данасында Самарқан ақша сарайы жазбасы сақталса, 6 данасы сарай өнімдері типтеріне жатқызылады.

Сонымен қатар көмбе қатарында Бұхара ақша сарайының ақша өнімдерінің үлесі жоғары 6 дана тыын бар. Ақшалардың ең жоғарғы жылдық көрсеткіші хижра бойынша 918 жылы соғылған тыныңдарға тиесілі болғандықтан (918 х. ж. соғылғандығы күмәнді тыныңдар 21 дана) көмбе тезаврациясы (көмбенің айналымнан шыққан, яғни көмбеге түскен кезі) ең кемі 918 жылы кейін жасалды деген болжам жасауға негіз бар. Мұндай болжамға тағы бір жәйт себеп бола алады. Көшкіні хан тұсында 917-918-919 жылдары арасында ақша соғу ісі қарқынды түрде жүрген. Жоғарыда көрсетілген жылдар арасында, әсіресе 918 жылы ақша өнімі көптеп шығарылған. Көмбе құрамында 919 жылы соғылған ақшаңның кездеспегендігі жоғарыдағыдай болжам жасауға негіз болды.

Ақша соғу ісі мемлекет және билеуші қазынасына елеулі пайда түсіретін экономикалық операция (ақша жасалатын шикізат пен соғушыға берілетін ақшадан басқа пайда қазына несіне түсіп отырады. Айналымға жіберілген ақшаның құны мәжбүрлі түрде енгізіліп, ақша соғуға кетірілген шығыннан әлдеқайда жоғары бағада айналымға жіберіліп отырған). Оның үстіне жана ақша



түрлерін соғуда қайта шикізат өндірілмей, бұған дейін айналымда жүрген ақшаларды үстіне қайта шекіме жасау арқылы іске асып отырған. Қайта шекімеленетін шикізат (ескі ақшалар) халықтан төмен бағада алынып, қайта шекімеленіп, жоғары бағада айналымға жіберілетін еді. Сондықтан қолдарындағы ақшаларының арзан бағада кететіндігіне наразылық танытқан халық «жақсы кезеңдерге» дейін ақшаларын жасырып отырған.

Көмбені зерттеу кезінде 19 дана тыныңның үлгілері мен нұсқалары анықталды. Олардың 15 данасының түрі анық белгілі болса, 5 данасының үлгілері қосымша ортағасырлық Орта Азия нумизматикасын зерттеуші белгілі нумизмат-ғалым Е.А.Давидовичтің анықтап кеткен мыс ақша үлгілері қатарында кездеспейтін үлгілері де кездеседі.

Көмбе құрамындағы 3897/30 нөмірімен мұражай қорына тіркелген тыын бетінде екі шекті жапырақтары сүйірленген, жоғарғы және төменгі жапырақтары доғалданған, төрт

жапырақты өсімдік текті өрнекпен өрнектелген картуш ішіне Мерв ақша сарайына ұқсас ақша сарайы атауы жазба-сы түсірілген. Тынының сақталу жағдайы қанағаттанарлық. Алғашқыда ешқандай шүбәсіз Мерв деп қабылданған жазбының алғашқы әрпінің жазылу ерекшелігіне байла-нысты түбегейлі байлам жасауды кейінгі уақыт еншісіне қалдырдық. Бұл күмәнді оймен Ресей нумизмат-ғалымы П.Н.Петровпен бөліскенімізде ол кісі де күмәнді орын-ды екенін растады. Егер күмәніміз расталып жатса XVI ғасырдың алғашқы жартысында бұған дейін беймәлім болып келген жаңа ақша сарайы атауы белгілі болар еді.

Біздің көмбе құрамында екі дана жәдігердің (3897/37 және 3897/49 тіркеу нөмірлерімен қабылданған) аверстеріндегі ақша сарайы атауы жазылатын тұста Ясы жазбасына өте ұқсас жазбалар бар. 3897/37 нөмірлі тыын бетіндегі жазба-ны Хисар ақша сарайында түсірілген қайта шекіме ізі жар-тылай жауып тұрса, ал 3897/49 нөмірлі тыын бетіндегі Ясы жазбасына ұқсас жазбының алғашқы 5 (най) әрпі көрінебейді. Оның үстіне жазбаның астыңғы жағында белгісіз, анықтауға келмейтін сөз қалдығы бар. Біздің Ясы деп отырған жазба-мыз алғашқы сөздің жалғасы болуы да мүмкін.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!


Қараша айында дүниеге келген әріптес-терімізге зор денсаулық, баянды өақыт, ең-бектеріне шығармашылық табыс тілейміз!

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің ұжымы

Table with 3 columns: No., Name, Date of Birth. Includes names like Nurxanov B., Isaev M., Iztilieva P., etc.

ТАЙҚАЗАНҒА АРНАЛҒАН ОЖАУ

АЛЫП ҚАЗАНДАР ҚАЛАЙ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ ДЕР БОЛСАҚ, ХАЛЫҚ КӨБЕЙІП, БІРІГІП, БІР ЫДЫСТАН ТАМАҚ ІШУ, БІРЛІКТИҢ ОРНАУЫ, ЫНТЫМАҚТА БОЛУ, ХАЛЫҚТЫҢ КӨБЕЙІП ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.



Өмір Темір осыны ойлап Әл-Әзиз Саруар баласына тапсырып, мыңдаған адамдарға жететін үлкен етіп қазан жасауды бұйырады. Темір бұл қазан – халықтың қазаны, қазынасы десе халық қазаннан береке келеді, армандарың орындалады, жолдарың болады деген.

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» – дейді халық, ішіндегі теңгені көрген соң адамдарда басқа ой туындай-ды, қылмысқа барады ондай ұрлықтар болып жатқаны да анық. Әлі де болса қазанды биіктетіп, бір метр дей көтеру керек, бетіндегі шынықыр құрсауды алып тастау қажет, деп осы қысқаша тарихты айтып жүргеннен кейін, жолым болып 2009 жылы Қ.А.Ясауи кесенесіне кірсем, әлгі мінбін алып, жанына теңге салатын темір жәшік жасап, қазанды ерін түглі қолмен ұстауға болмайтындай етіп қойған мен мұнысына ішімнен риза болып қалдым.

Енді қазанға арнап жасалған ожау жайлы біреу сөз.

Осы айтылған ойларымды жинақтай келе, отбасы бірлігін ұстап тұратын қазан мен ожау екендігіне күмән жоқ, ал қазан тұрған жерде ожау болу керек деген ой келіп, Түркістандағы Тайқазан бірнеше жылдан бері ожау-сыз тұр мүмкін бұрын болған да шығар бірақ қазан тұрған жерде жоғарыда айтқандай, оның серігі ретінде жанын-да ожау тұру керек деп ожауын жасауға кірістім. Әрі Түркістан қаласының 1500 жылдығын әлемдік деңгейде атап өту мерекесіне сый ретінде, әрі мен де өнер несі болып танылып ағаш шеберлігім арқылы үлесімді қоссам деп Қ.А.Ясауи кесенесіндегі қазан дүние жүзіндегі қайталанбайтын ең үлкен қазан болса, осы қазанға арнап ожау жасауға ағаш іздеуге кірістім.

Содан бастап кімнің үйінде үлкен ағаш бар екен деп қараумен болдым. Ағаш табу оңайға түскен жоқ. Қыс ауа-сында біреуден ағаш сұрау түглі шыбық сұрауға ұяласын. Оның үстіне қыс қатты болды, көмірді шелектеп, шамаң келсе қаптап әрен аласың, желтоқсан айы да зымырап өте шықты.

Бірде мектеп ауласындағы күн шуаққа шығып тұрса екі адамның құшағы әзер жететіндей бір «Шынар» ағашы көзге түсті, домаланып қалған үш метрге дейін

бір көзі жоқ әдемі ағаш екен. Мектеп ауласынан жылына бір-екі ағашты қыркып, қысқа дайындық жасайтынын белгілі, сол кездегі кәсіподақ мүшесіне өтініш жасап: «Бір тал қырықсаң, он тал ек» деген бар, мен осы талдың ор-нына он тал егіп, қарап, өсуіне кепілдік беремін, – дегенде, «Оның жақсы екен, жиналыста айтайын, содан соң саған бергеніңді береміз» – деді. Мен де риза болып жиналысты күттім, әлгі шынар ағашына қайта-қайта барып, одан үлкен үш метрлік 5-6 адам көтеріп жүретін ожау жасамақшы болдым. Ожаудың сыртына ұлтымыздың салт-дәстүрінің бәрін, оның ішінде ою-өрнек, ақылдар, батырлар, хандар, билер, өншілер, бишілер, кесенелер, жалпы айтқанда, сақ дәуірінен бастап қазіргі компьютерге дейінгі кезеңді оялап жасамақшы болып жүргенмін. Бірақ ой-идея сол ағаштың ішінде әлі күнге дейін тұр. Неге! Өйткені мектепте үлкен жина-лыс болып мен ағаш сұрағаннан бастап мектеп ауласынан ағаш қырықпайтын болды. Естуімше сол үлкен жиналыс-та кәсіподақ төрағасы: «Бәкіржан бір үш метрдей томар ағашын сұрап жүр Түркістанның – 1500 жылдық тойына бір бұйым жасасам дейді. Бір ауыздан береміз бе? – деген де шу басталып, да-уыстар көтеріліп кеткен соң жиналысты тез аяқтауға кірісіпті.

Өзім бір себептерден ол жиналысқа қатысқан жоқпын. Ұрысып, тартысып, алған ағаштан жақсы бұйым шықпай қалады, ол ағаш болмаса басқа ағаш та-былар деп әрі қарай іздеу басталды. Бір күні оянасам таңертең талдардың бәрі ақ қырау, қар жамылып қалыпты. Қардың ауырлығын көтере алмай талдар бұтасын жерге иіле түскен, аяз қаттылығы сондай жерді басқан сайын ғырт-ғырт әдемі да-уыстар естіледі. Сабаққа барайын деп

үйден шықтым. 13 жыл бойы әрі бері өтіп жүрген қуыс көшеме қарай бет ал-дым, екі үйдің ортасынан үлкен жолға шығу үшін екі адам сыятын жол қал-дырған оны қуыс көше деп атаймыз. Сол жолды бір тұт ағашы аспақ қарды көтере алмай іліліп жолды жауып тастапты, екі күндей жанынан әзер өтіп жүрдім.

Үшінші күні үйден шыққаннан сол ағашқа қарай бердім. Мүмкін іздеп жүрген ағашым осы шығар, не де бол-са үй егесінен сұрайын деп жұмыстан қайтып келе жатып үй егесінен сұрадым. Ол кісі ағашты көктем шығысымен түбімен жұлдыратынын бақшаға көлеңке болып тұрғанын айтып керек жерін кесіп ала беруіңе болады дегенін естіген мен, сұраған нәрсенді тез алып кетпесем екі-үш күннен кейін келсең айнып қалуы мүмкін деп сол күні бір оқушыны ертіп, әлгі жолды жапқан ағашты қырып керек жерін 1,5 метр кесіп, қалған ағаштарын бұтап жинап қойдым. Ертересе ожау жа-сау жұмысыма кірісіп те кеттім, шаппа шотымды алып, шаптым-шаптым алты ай шаптым дегендей, наурыз айының 11-де бастап, тамыз айының 11-де соңғы жазуын жазып бояп, әлгі ағаштың ішінде тұрған ожауды, долбарсыз (эскизсіз) жа-сап шығардым. Ағаштың өзі икемделіп тұрмаса, ойдағыдай ожау шығуы мүмкін емес. Ожау бітпей жатып қүйма жағына өң беріліп үлгерді. Кейін айтып жүрдім: «мен тек қабығым аршыдым» деп. Папа Карл Бураатионы қалай шауып шыкса, мен де солай шығардым. Бұл ожауды үш ай ауылда, үш ай қалада жасап аяқтадым. Сол ожаудың тұрқының ұзындығы 1,15 метр, салмағы 3,5 кило болып шықты. Қазіргі «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінде тұрған ожаудың түп тарихы осы.

Газет айына 1 рет шығады Индекс 161200

Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, 22 үйі.

Кезекші редактор Берік БАЙБОЛОВ п.ғ. кандидаты Айдарбек Бәкіржан Өшірәліұлы Тапсырыс №8391